

**Ыбырай Алтынсарин атындағы шағын орталықты орта мектебінің Қамқоршылық кеңес отырысының**

**№3 ХАТТАМАСЫ**

**Алғабас ауылы**  
Қатысқандар:  
Мектеп директоры: М.Т.Серикбаева  
Қамқоршылық кеңес мүшелері: 8  
Қатыспағандар: 1 (себеппі)

**25.09.2020 жыл**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

**1. Ыбырай Алтынсарин атындағы шағын орталықты орта мектебінің директоры М.Т.Серикбаеваның Қамқоршылық кеңес алдындағы есебі**

**1.Тыңдалды:** М.Т.Серикбаева- мектеп директоры:

Білім мен тәрбие негізінің мектептен бастау алатыны, яғни, осы бағыттағы үрдістің ата-ана, мектеп, мұғалім үштігі болып бірге жұмыс жүргізгенде ғана жүзеге асатыны белгілі. «Мектепке жол» акциясының өту барысында демеушілік жасап, қайырымдылық көрсеткен кәсіпкерлер, ұстаздардан түскен қаржыны сынып жетекшілердің тапсырған сұранысы бойынша қарап, аз қамтылған оқушыларды керекті киім-кешекпен, оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отыр.

Ағымдағы жылы мектебімізде бюджеттен бөлінген қаражатқа антисептиктер, деохлор таблеткалары, тепловизор берілді. Мектеп ішінен ұлдарға және қыздарға арналған әжетхана соғылды. Ағымдық жөндеу жұмыстарына қажетті краскарлар берілді. Ескірген ағаш есік- терезелер пластик - терезелерге ауыстырылды. Мектептің алдынан пластик веранда соғылды.

2020 – 2021 оқу жылында Ыбырай Алтынсарин атындағы шағын орталықты орта мектебінің «ҚР үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы 64 қаулы, 2007 жылғы шілдедегі (Білім туралы Заңы 4 бабының 21) тармақшасына» сәйкес әзірленген және білім алушылардың әлеуметтік санаттарын анықтай отырып, нақты тізімін бекіту үшін

ата –аналар тарапынан стандарт бойынша қабылданған құжаттарды қарап, ауылдық округ әкімшілігі зерделеген жан басына шаққанда орташа табысы күн көріс деңгейінен төмен деген 13 отбасы ондағы бала саны 30, жалпы білім қорынан әр балаға бір реттік киім –кешекке 25 000 теңге ата-аналарының есеп шотына қаржылай аударылды.

«Мектепке жол» акция аясында ауыл азаматы, жеке кәсіпкер Искаков Бөкенжан аз қамтылған, жартылай жетім Халық Береке, Халық Ақбота, Халық Фариза, Мырзабай Нұрислам, Мырзабай Заринаға мектепке қажетті құрал – жабдықтар әперіп, 3 сынып оқушысы Халық Мейрамбекке 20000 теңгеге велосипед сыйға тартты. Акцияға мектебіміздің ұстаздары да өз үлестерін қосты. Досымкулова Еңлік аз қамтылған отбасы балаларына материалдық көмек көрсетті. Оразымбетов Бекнұр бір отбасының екі баласын 30000 теңге қаражатқа, мектеп формасымен қамтамасыз етті.

**Сөйледі.** Қамқоршылық кеңес төрайымы: А.О.Танкаева:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы кеңес мүшелеріне және мектеп директорларына ынтымақтастыққа жұмыс жасап жатқандықтарына, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары ризашылығын білдіріп, рахметін айтты.

### ШЕШІМІ:

1. Ыбырай Алтынсарин атындағы шағын орталықты орта мектебінің директоры М.Т.Серикбаеваның есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

1. А.О.Танкаева Танкаева кеңес төрайымы
2. С.Т.Бекбергенова Бекбергенова кеңес мүшесі
3. И.А. Шыныбекова Шыныбекова кеңес мүшесі
4. Н.К. Нюсипов Нюсипов кеңес мүшесі
5. А.С.Альпейсова Альпейсова кеңес мүшесі
6. А.М. Мәтеев Мәтеев кеңес мүшесі
7. Б.М.Мусаев Мусаев кеңес мүшесі
8. Д.Н.Абдрахманова Абдрахманова кеңес мүшесі

